

Павлодар облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 26 қарашадағы № 82/8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 желтоқсанда № 25907 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 12-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Павлодар облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облыстық мәслихатының хатшысы

Е. Айткенов

Павлодар облыстық
мәслихатының 2021 жылғы
26 қарашадағы № 82/8
шешіміне қосымша

Павлодар облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының негізінде әзірленді, Павлодар облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне (бұдан әрі - қызметкерлер) бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган - "Павлодар облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

3. Жұмыс беруші - тиісті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы.

4. Медицина қызметкері - жоғары кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

5. Фармацевтика қызметкері - жоғары фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

2. Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері

6. Әлеуметтік қолдау мынадай бір жолғы төлемнен тұрады:

1) Павлодар облысының облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген қызметкерлерге 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

2) Павлодар облысының ауылдық жеріне және кенттеріне жұмысқа жіберілген қызметкерлерге 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде.

7. Қызметкерлер әлеуметтік қолдау алу үшін уәкілетті органға мына құжаттарды ұсынады:

1) жеке куәлігінің көшірмесі;

2) жоғары кәсіптік білімі туралы дипломының көшірмесі;

3) еңбек еткенін растайтын құжатының көшірмесі (Қазақстан Республикасы еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес);

4) мемлекеттік медицина ұйымына жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі.

8. Әлеуметтік қолдау көрсету туралы құжаттарды қарауды комиссия жүзеге асырады.

Комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс.

Комиссия төрағасы лауазымы бойынша уәкілетті орган басшысының орынбасарынан төмен емес тұлға болып табылады.

Хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.

9. Комиссия қызметкерлер ұсынған осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген құжаттарды қарайды және он бес жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

10. Біржолғы төлем қызметкерлердің өтінішінің негізінде, екінші деңгейлі банкте ашылған есептік шотына аудару арқылы отыз күнтізбелік күн ішінде төленеді.

Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде қызметкерлерге комиссияның қабылдаған шешімі туралы хабарлайды.

11. Қызметкерлермен еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, жұмыс беруші үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға хабарлайды.

12. Қызметкерлер төленген әлеуметтік қолдауды қайтаруды осы Тәртіптің 11-тармағында көзделген негіздер бойынша күнтізбелік отыз күн ішінде жұмыс істеген уақытына тепе-тең жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ